

Мәншүк МӘМБЕТОВА

ҚҰЖАТТЫҚ
ЛИНГВИСТИКА

Оку-әдістемелік нұсқау

Алматы
«Қазақ университеті»
2011

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті филология факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор *А.М. Алдашева*
филология ғылымдарының докторы, профессор *Н.Ж. Шаймерденова*
филология ғылымдарының докторы, профессор *Л.М. Шайкенова*

Мәмбетова М. Қ.

М 18 Құжаттық лингвистика: оку-әдістемелік нұсқау. – Алматы:
Қазақ университеті, 2011. – 38 б.

ISBN 978-601-247-307-0

Бұл оку-әдістемелік құралда «Құжаттық лингвистика» курсына
қыскаша сипаттама беріліп, пәннің мақсат-міндеттері, бакылау сұраптары
мен өздік жұмыс тапсырмалары, негізгі және косымша әдебиеттер тізімі,
пәннің қыскаша ұғымдық-терминологиялық анықтамалығы беріледі.

Оку-әдістемелік құрал бакалавриат студенттері мен магистранттарға,
құжаттық лингвистика мәселелерімен айналысадын PhD докторанттары
мен оқытушыларға ұсынылады.

ББК 81.2 – 923

ISBN 978-601-247-307-0

© Мәмбетова М.Қ., 2011
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2011

TYCІNІK ХАТ

«Құжаттық лингвистика» курсы жоғары оқу орындарында
«Лингвистика» мамандығы бойынша оқытын магистранттарға
арналған. «Құжаттық лингвистика» курсы мамандану пән-
дерінің аясына кіреді. Адамзат баласының тілі – тарихи дамушы
тіл, адамды қоршаған қоғамдық ой-сана, қызмет әрекеттердің
өзгеруі тілден көрініс таптай қоймайды. Қоғамдағы әр түрлі
қызмет салаларының басты белгілері арқылы өз алдына
оқшаулануы әркандай тіл сипатын ерекшелендірді. Тіл білімі
ғылымында тіл дамуы мен өзгерісіне байланысты қаншама
ұғым, түсініктер пайда болса, олардың біреуі көмекіленіп,
екіншісі жаңа қырынан танылып жатты. Әлемдік лингвистикада
соңғы уақытта «іс әрекеттегі тілді» зерттеуге көп қоңыл бө-
лінуде. Лингвистиканың жас салаларының бірі іскери саладағы
тілдің қызмет аясын зерттеуді жүзеге асыратын құжаттық
лингвистика болып табылады. Құжат – бұл адам әрекетін
басқаратын, заньшық мәні бар мәтін. Ресми-іскери саладағы
ұйымдастыру-реттеу үдерісі құжаттар арқылы жүзеге асатыны
белгілі. Қандай да бір іскери құжат мәтінін құрастыру басқа
мәтін турлерінен өзіндік катаң талаптарымен, айрықша белгі-
лерімен ерекшеленетін құрделі үдеріс. Саятты турде іскери
мәтін құрастыру үшін іскери тілді әдеби тілдің басқа да
турлерінен ажыратып, іскери тілде жазу мәдениетін менгеру
қажет. Ресми-іскери тіл және оның жанрлары құжат дайын-
даушының жеткілікті дәрежеде жоғары лингвистикалық дең-
гейін талап етеді. Олай болса ұсынылып отырған курс магис-
транттарды ресми-іскери стиль мәтіндерінің қолданылуына
байланысты негізгі теориялық және практикалық мәселелермен
таныстырады. Аталмыш құрал қазіргі тіл біліміндегі құжаттама
мәселесінің өзектілігін негіздейтін түсінік хаттан, пәннің
мазмұнынан, оның ішінде дәріс сабактары мен семинар сабак-
тарының мазмұнынан, бакылау сұраптары мен өздік жұмыс
тапсырмаларынан, негізгі және косымша әдебиеттер тізімінен,